

Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп – гимназиясының

2023 – 2024 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жұмысының

мақсат - міндеттері

Мектеп миссиясы:

Білімді ұрпақ - әлемдегі өзгерістерге бейім, шығармашылығы қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлға

Мектеп проблемасы:

Оқушылардың бейімділігі мен қабілетіне қарай оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде сапалы білім беру, өз бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлтжанды, сауаттылық дағдыларын қалыптастырған жеке тұлғаның білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасау.

Мектеп мақсаты:

1. Оқушының ғылыми дүниетанымын сыни ойлауды дамыта отырып жетілдіру арқылы практикалық дағдысы мен құзіреттілігі жоғары жеке тұлғаны даярлау;
2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделетін, адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл және құзыретті, дүниетанымы кең азаматты тәрбиелеу.
3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсете отырып, «Мектеп мәдениетін» қалыптастыру арқылы «Мінсіз мектеп ұстазы» болудың алғы шарттарын іске асыру.

Міндеттері:

1. Білім сапасын көтеру мақсатында сабақтарда сыни ойлауды дамыта отырып, білім берудің түрлі тиімді әдіс-тәсілдерін нәтижелі қолдану;
2. Білім берудің қосымша платформалары мен заманауи оқыту, соның ішінде гибритті және аралас оқыту форматты оқытуды іс-тәжірибеге кеңінен енгізу арқылы оқушылардың білімге құштарлығын жетілдіру жолдарын қарастыру;
3. Оқушылардың білім сапасын арттыруда жазба сабақтарында оқушылардың орфографиялық сауаттылықтарын, үш тілділікті дамыту, инклюзивті білім беруді жүйелендіру, барлық пәндерден функционалдық сауаттылықты және жаһандық құзіреттілікті арттыру жұмыстарын жүйелеу;
4. Жаратылыстану пәндерінен оқушылардың білім сапасын арттыру мен білім олқылықтарын толықтыру жұмыстары кеңінен қарастыру;
5. Оқушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік бірлестікте талқылау.
6. Дарынды балаларға білім берудің вариативтілігін және көп деңгейлігін, интернет – ортада жұмыс жасауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;
7. Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен шеберліктерін дамыта отырып, санаттарын көтеру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру;
8. Жетекші мектеп ретінде серіктес мектептермен жұмыста оқыту мен оқуда заманауи тәсілдерді қолдануда, кедергілерді анықтау және оларды түзетуде, іс –шаралар ұйымдастыруда мұғалімдер дайындығы үдерісінің тиімділігін мониторингілеуді ұйымдастыру.
9. Тұлғаның шығармашылық, рухани және дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;
10. Зерттеу топтары мен мектеп тренерлерінің жұмысын одан әрі жалғастыру;